

Айыртау ауданы әкімінің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша 2016 жылдың 1 жартыжылдығына арналған есебі

2016 жылдың бірінші жартыжылдығы оң өзгерістерге, жетістіктерге және жаңа мақсаттарға толы болды.

2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына жариялаған «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауында Елбасы мемлекетіміздің алдағы мақсаты әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру екенін атап өтті. Бірақ, алда бізді қаншама қиындықтар кездесетінін, соған дайын болып, тиісті шаралар қабылдау қажеттігіне тоқталғаны Қазақстан халқына жақсы әсер қалдырды.

Айыртау ауданында әлеуметтік экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштеріне жету бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп, 2016 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша біраз оң динамика байқалады.

Қазақстанда 2016 жылдың өткен кезеңі айтулы оқиғаларға толы болды, сонымен бірге біздің ауданымызда да жоғары деңгейде атап өтілді. Соның ішінде атап өтерлігі жалпыхалықтық салтанат ретінде Қазақстан халқы өздерінің тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген жоғары сенімі мен үлкен сыйластығы және мойындауының арқасында «Нұр Отан» партиясы мен оның кандидатары кезектен тыс Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлауда жеңіске жетті. Бұл дегеніміз – Қазақстан халқының Ұлт көшбасшысын қолдай отырып, оның идеяларының айналасына топтасқандығының дәлелі еді.

Мемлекет басшысының алға қойған «Ұлт жоспары – бес институционалды реформаны жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» міндеттерін іске асыруда Айыртау ауданында да әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша жүйелі жұмыстар атқарылуда және 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында өсу қарқыны байқалады.

Алғашқы жартыжылдықта ауылшаруашылығы өнімдерінің жылпы көлемі 4 млрд.516 млн.теңгені құрады немесе өткен жылдың осы аралықтағы уақытымен салыстырғанда 103,7% құрады.

Ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңы 395,1 мың гектарды құрады, оның ішінде жаздық егіс көлемі 367 мың гектарды құрады. Дақылдар бөлінісінде астық дақылдары 304,6 мың гектарды құраса, майлы дақылдар – 43,7 мың гектар, жемшөптік дақылдар – 43,6 мың гектар, картоп – 2,7 мың гектар, көкөністер – 500 гектарды құрады.

Жыл басынан шаруашылықтар жалпы сомасы 490,4 млн.теңгеге 48 бірлік техника сатып алды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрін өндіру көлемі артты: ет 2,2% (3,7 мың тонна), сүт 1% (26,6 мың тонна), жұмыртқа 3,1% (10 млн.771 мың түйір). Сүт сандысы тұрғындардың 95% қамтыды.

Барлық түрі бойынша мал басы артып, ІҚМ саны 49,6 мың басқа артты, ал жылқы 18,6 мың басқа, шошқа 17,8 мың басқа, қой мен ешкі 59,3 мың басқа өскен.

Жыл басынан бері 1030 бас ІҚМ сатып алынды немесе ол тапсырманың 59% орындалғаны (1745 бас)

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша 50 бас ірі қара мал алынды, ол тапсырманың 17,2% орындалғаны, «Құлан» бағдарламасы бойынша 174 бас жылқы алу керек болса, қазіргі таңда оның 86-сы сатып алынды, яғни 49,4%, «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 600 бас қой алынды немесе тапсырманың 110,9%-ға орындалғаны (541 бас).

«Арна» ФШ сүт фермасын құру жоспарына орай «Ырыс» бағдарламасы бойынша 50 бас ІҚМ сатып алуды жоспарлауда.

Ағымдағы жылы 20 ауылшаруашылық өнімдерінің кооперативі (АӨК) ашылды, оның ішінде: мал шаруашылығы бойынша – 18 АӨК, өсімдік шаруашылығы бойынша – 1 АӨК, қайта өңдеу саласы бойынша – 1 АӨК.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында 2 млрд. 174 млн.теңгені құрады, физикалық өнімнің индексі өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 102,5% құрады.

Өсімнің негізгі үлесі қайта өңдеу өнеркәсібіне тиесілі, онда 1 млрд.795 млн.теңгені құрады немесе 101,4%.

Индустриализациялау картасының аясында сомасы 17 млрд.теңгені құрайтын «Сырымбет» АҚ жобасы жүзеге асуда. «Бизнестің жол картасы-2020» аясында «Сырымбет» АҚ сомасы 1,4 млрд.теңге болатын электр жөнелту тізбегінің құрылысы аяқталуға жақын. Жобаның іске қосылуы 2018 жыл деп жоспарлануда.

2016 жылдың 1 шілдесіне дейін 362 заңды тұлға және шағын және орта бизнестің 1244 субъектісі тіркелген.

2016 жылдың басынан бері инфрақұрылымның 10 жаңа нысаны ашылды және 58 жаңа жұмыс орны ашылды (дәмхана, наубайхана, кондитерлік цех, газбетонды блоктар шығаратын цех, ірімшік пен май өндіретін цех, 4 дүкен және ойын-сауық орталығы).

Ағымдағы жылы ауданның қаржылық құрылымында «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 282,5 млн.теңге несие берілсе, 2016 жылдың басынан бері жалпы сомасы 1 млрд.214 млн.теңгеге берілген 8 өтінім мақұлданды.

Қызмет көрсетудің перспективті салаларының бірі туризм болып табылады және ауданымызда туристік қызметтің 34 нысаны жұмыс істейді.

2016 жылдың басынан бері «Көкшетау» МҰТП туризмді дамыту үшін 5 жер учаскесін жалға алу үшін тендер өткізді: «Казенов» ЖК, «Суюнов» ЖК, «Суюн» ЖК, «Айдана Тур» ЖШС, Шалқар өзеніндегі су құтқару станциясының құрылысы.

Республикалық бюджеттен 5 млн.теңге көлемінде «Ботайды» техникалық-экономикалық негіздеуге жоба әзірленді. Мұражай ұйымдастыру үшін ескі мектеп ғимараты мәдениет бөлімінің иелігіне берілді.

Ағымдағы жылы Айыртау ауданы 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының туризм саласын дамыту концепциясына қосылып, «Табиғаттың бірегейлігі және көшпелі мәдениет» кластерін жүзеге асыруға қатысады. Астана қаласының туристік фирмалары «Элит-Саяхат» ЖШС мен «Айдана-Тур» ЖШС өкілдерімен Қазақстан және ТМД елдерінің туристерін тарту мақсатында ауданның туристік нысандары туралы материалдар әзірленді.

2016 жылдың 10 маусымында имантау өзенінің жағасында орналасқан «Солнечный ВИП» ЖШС демалыс аймағында туристік маусымның ашылуы-2016 болып өтті.

Аталған шараға Қазақстанның және Ресей Федерациясының Қорған облысының, Омбы қаласының туристік фирмалары қатысты. Қонақтарға арнап демалыс аймақтары мен ауданымыздың тарихи орындарына ақпараттық тур өткізілді.

2016 жылы 2 жоба жүзеге асырылды: Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының «Салтанат» сауықтыру-қалпына келтіру орталығы. Шалқар өзені жағасында «Бәйтенев» ЖК.

7 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда: Имантау өзенінде «Омар» ЖК, Шалқар өзенінде «Казенов» ЖК, «ARDI» ЖШС, «Суюн» демалыс аймағы, «Дәстүр» демалыс аймағы «Ажар» демалыс аймағы және Саумалкөл ауылында «Машкин» ЖК.

Ағымдағы жылы «Астана-Саумалкөл» бағытындағы шағын автобус шығару жоспарлануда.

Жергілікті әуе тізбегі үшін аэродром құрылысы үшін ауданы 10,0 га болатын жер учаскесі 5 жыл мерзімге берілген. Автокемпинг үшін Шалқар өзені бойынан 4 соток, Имантау өзені балаларға арналған қоршаулы алаңқайлар орнату үшін – 2,8 млн.теңге бөлінді.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2016 жылдың 1 жартыжылдығында 1 млрд.396 млн.теңге, 2015 жылмен салыстырғанда 3,2% артқан.

Инвестициядан түскен негізгі капитал 2 млрд. 259 млн.теңгені құрады, бұл осымен ұқсас кезеңде 29,8% өсімді көрсетеді.

Алғашқы жартыжылдықта құрылыс жұмысының көлемі 1 млрд. 19 млн.теңге немесе өткен жылмен салыстырғанда 1,5% өскен.

Алғашқы жартыжылдықта 1990 шаршы метр тұрғын үй іске қосылды, 2015 жылмен салыстырғанда 103,2% құрайды.

Республикалық маңызы бар жолдарды жөндеуге 340,3 млн.теңге, облыстық маңызы бар (Еленовка-Чистополье, Антоновка-Горное, Арықбалық-Саумалкөл) жолдарға 770,5 млн.теңге, аудандық маңызы бар жолдарға 28,5 млн.теңге бөлінді.

«Аймақтарды дамыту» бағдарламасы бойынша Саумалкөл Арықбалық және Сырымбет ауылдарының көшелерін жөндеуге 30,3 млн.теңге бөлінді.

2016 жылы «Аймақтарды дамыту» бағдарламасының аясында елді мекендерді абаттандыруға – 4,7 млн.теңге және 4 ауылда балаларға арналған қоршаулы алаңқайлар орнату үшін – 2,8 млн.теңге бөлінді.

Бюджет. Жергілікті бюджетке 716,6 млн.теңге түскен немесе жоспар 128,6% орындалған. Аудандық бюджет 152,1% орындалды. Бюджеттің шығыс бөлігі 99,9% орындалды.

Әлеуметтік қорғау. 2016 жылдың 1 шілдесіне ресми түрде 104 жұмыссыз тіркелген немесе экономикалық белсенді тұрғындардың 0,4%. 850 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде тұрақты жұмысқа орналасқандары 413 адам.

2016 жылдың 1 шілдесіне аз қамтылған азаматтардың саны 469 адам. Кедейлік деңгейі 0,3% азайған.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасына 2016 жылы 192 адам қатысты.

«Жұмыспен қамту арқылы инфрақұрылымды және тұрғын үй коммуналды шаруашылығын дамыту» бағыты бойынша жалпы сомасы 124,5 млн.теңгеге 4 нысанның жөндеу жұмыстары жүргізілуде: «Родничок» балабақшасының күрделі жөндеуі, Саумалкөл қазақ орта мектебінің жанындағы интернат ғимаратының төбесіне күрделі жөндеу, Кирилловка клубының ағымдағы жөндеуі мен аудандық Мәдениет үйі ғимаратының төбесіне күрделі жөндеу. Жөндеу жұмыстары кезінде 72 адамды жұмыспен қамту көзделген.

«Ауылдарда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу» бағыты бойынша 16 қарыз алушыға сомасы 43 млн.теңге болатын шағын несиелер берілді және жалпы сомасы 78 млн.теңге болатын несие бөлу жоспарлануда.

Үшінші бағыт бойынша 3 адам қайта даярлауға жіберілді, кәсіби қайта даярлауды өтті және 2 адам санатын көтерді, оқуын бітіріп 5 адам жұмысқа орналастырылды.

«Әлеуметтік жұмыс орындарына 11 адам жіберілсе, жастар тәжірибесі бойынша 20 адамды жіберу жоспарлануда.

Жалғасы 2 бетте.

100 нақты қадам

Сотты құрметтеу – баршаның міндеті

19 шілде күні Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Ерлан Айтжанов ауданымызда жұмыс сапарымен болды. Облыстық соттың төрағасы Ерлан Жұмаханұлы аудан активімен, аудандық соттың және №2 Айыртау аудандық сотының ұжымдарымен кездесіп, аудандық әкімдіктің жанындағы медиация кабинетінің жұмысымен танысты және азаматтарды қабылдады.



Облыстық соттың төрағасы Ерлан Жұмаханұлы аудан активіне бүгінгі таңда сот жүйесінің атқарып жатқан қызметтері, жалпы сот саласының құрылымы, еліміздегі жаңадан қолданысқа енгізілген заңнамалардың өзгерістері мен толықтырулары туралы кеңінен тоқталып, сондай-ақ істерді қарау тәртібі, сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуы, азаматтар мен заңды тұлғалардың сотқа деген сенімін арттыратындығына тоқталды. Біздің еліміздің басты бағыттарының бірі сот жүйесінің дамуы болып табылады. Ерлан Айтжанов «100 нақты қадам» – ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспарындағы бөлімдеріне, соның ішінде айтап айтқанда Заңның үстемдігін қамтамасыз ету бөлімінің барлық қадамдарын кеңінен тарқатып айтып өтті. Бүгінгі таңда «Сот кабинеті» электрондық сервисінің кеңінен қолданылып жатқандығын мәжіліс залдарының дыбыс-бейне құрылғыларымен жабдықтағанын да тілге тиек етті.

Бүгінгі күні іске қосылған электронды сервистер азаматтардың сот ақпаратына қолжетімділігін қамтамасыз етеді. «Сот кабинеті» сервисі электронды өзара іс-қимыл арқылы сот өндірісін жеңілдетуге, сондай-ақ сот жүйесінің жеделдігі, қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Заманауи технологияларды сот жүйесінде қолдану ел тұрғындары үшін сот жүйесінің барынша ашық әрі қолжетімді бола түсуіне ықпал етеді. Қазақстан Республикасының жаңартылған Азаматтық процессуалдық кодексінің қабылдануы еліміздің саяси және экономикалық даму жолындағы жемісті шаралардың бірі ретінде бағаланады.

Мемлекет пен азаматтық қоғамның арасында туындайтын дауларды өркениетті түрде, яғни заң талаптарын басшылыққа ала отырып, сот төрелігін жүзеге асыратын органдардың өкілеттіктері арқылы шешу - демократиялық принциптерге негізделген қоғамдық дамудың, азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті дәрежеде қорғаудың, мемлекеттің халыққа деген қамқорлығының басты көрсеткіштері болып табылатынын да айтып өтті.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл

Жүректерге жеткізіп жүрек жырын

Шілденің 15 жұлдызында «ЕС-164/8» мемлекеттік мекемесінде Астана күніне және ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ауқымды іс-шара болып өтті.

Оған аудандық Мәдениет үйінің және аудандық кітапхана қызметкерлері қатысып, жазасын өтеуші азаматтарға өңнен шашу шашып, Астана туралы, Тәуелсіз Қазақстанның дербес тарихы туралы кеңінен ақпарат берді.



«Астананы құру – ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мың жылдық тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразия жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық», – деп Елбасы атап өткендей, өткені салауатқа толы, бүгінгі бейқам, келешегі жарқын Тәуелсіз қазақ елінің астанасы өлемнің астанасы болуға лайықты.

Осындай тамаша сәтте аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері Алтынкөк Көшекбаев, Зәуреш Шаяхметқызы, Владимир Животовский және қазақтелекомда электромеханик болып қызмет атқаратын Елена Савельева азаматтардың рухын көтеретін патриоттық тақырыптағы әндерімен көпшіліктің көзайымына айналды.

Ал аудандық кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған 25 дана кітаптан тұратын «Астана – Қазақстан жүрегі» атты кітап көрмесі және оған жасалған шолу – еліміздің биік жетістіктерінің айғағы болып, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Айыртау ауданы әкімінің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша 2016 жылдың 1 жартыжылдығына арналған есебі

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Еліміздің қамтылмаған аймақтарынан азаматтарды жұмысқа орналастыру мәселесімен көшіріп әкелу жоспарлануда. Көшуге арнап 5,9 млн.теңге субсидия бөлінген. Жамбыл облысынан көшіп келген отбасына 0,4 млн.теңге субсидия берілген. Оңтүстік Қазақстан облысынан 6 отбасының (25 отбасы мүшесі бар) көшіп келуі жоспарлануда.

Аудан бойынша алғашқы жартыжылдықта орташа айлық еңбекақы мөлшері 71529 теңгені құрады, ол өткен жылмен салыстырғанда 14,8% артық.

Білім беру. Мектептер жүйесі 51 бірлікті құрайды, олардың ішінде: бастауыш мектеп – 8, негізгі – 12 және орта мектеп – 31.

Мектепке дейінгі ұйымдар 48 бірлікті құрайды, олардың ішінде 5 балабақша және 44 шағын орталықтар 1645 баланы қамтып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту - 100% құрайды.

Техникалық және кәсіптік білім беруді жүзеге асыруда 2 мемлекеттік мамандандырылған колледж атқарады. 2016 жылы Аксеновка орта мектебіне сомасы 3,2 млн. теңге тұратын УАЗ автокөлігі алынды, оқулықтар алуға 34,3 млн.теңге, спорт залға тренажер алуға 1,1 млн. теңге бөлінді. «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша жүргізілген жөндеуден бөлек, мемлекеттік-жеке серіктестік арқылы 13 мектептің жылыту қазандығы шығарылмақшы.

Денсаулық сақтау. Тұрғындарға медициналық қызмет көрсететін мекемелер 115 орынға шақталған 1 аудандық аурухана, 10 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-амбулаториялық пункт, 58 медициналық пункт.

Дәрігерлердің жетіспеушілігі 6 бірлікті құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 50% төмен және бос орындарды жабуға келісім шарт жасалған (кардиолог, 2 жалпы тәжірибе дәрігері, травматолог, нарколог).

Мәдениет. Ауданда 54 мәдениет ұйымдары жұмыс жасайды, оның ішінде: 26 клуб, 26 кітапхана және 2 мемлекеттік мұражай.

Спорттық құрылыстар саны футбол алаңдарының салынуымен 244 бірлікке өсті, онда ауданның жалпы санынан 31,4% тұрғыны жүйелі түрде футболмен айналысады.

Ағымдағы жылы Арықбалық ауылында стадион тұрғызылып, Имантау ауылындағы хоккей алаңы қайта жаңартылды, Саумалкөл ауылында сомасы 17,9млн. теңге болатын жабық хоккей алаңы тұрғызылды. Саумалкөл ауылының орталық бағына қоюға сомасы 0,8 млн.теңге болатын 10 көшелік тренажерлар сатып алынды. Жасанды қақпақпен жабылған 2 шағын футбол алаңы қойылды.

2016 жылға арналған перспективті жоспарларға тоқталар болсақ:

Ағымдағы жылы 198 жаңа жұмыс орны ашылатын 10 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда:

«Ғасыр Айыртау» ЖШС – өндіріс қуаттылығы жылына 120 тонна болатын шұжық цехының құрылысы. Саумалкөл ауылында салынатын жобаның құны 15 млн.теңге. 8 жаңа жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда.

«Игилик Продукт» АӨК ЖШС – Саумалкөл ауылында сыйымдылығы 25 мың тонна және құны 320 млн.теңге болатын дақылдарды сақтайтын құрылғыны жетілдіру. 157,3 млн.теңгенің құрылғылары сатып алынды және қосымша 10 жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда.

«Прекрасное» ШҚ – қуаттылығы 91 тонна, құны 6 млн.теңге болатын шұжық цехы. Қажетті құрылғыларды Челябин облысының Миасс қаласынан жеткізу жоспарлануда. Жаңа 3 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Жүзеге асыру мерзімі – 2016-2017 жж.

«Норд Строй NS» ЖШС – Саумалкөл ауылында құны 60 млн.теңге болатын тойхана, дүкен, кондитерлік цехтың құрылысы. Жаңа 20жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда. Іске асыру мерзімі – 2016-2017 жж.

«Hairun Agro» ЖШС – Имантау ауылында көкөніс сақтау және жылыжай кешенін құру, қуаттылығы жылына 120 тонна болатын балықты қайта өңдеу цехы (ыстық консервілеу), өндірістік қуаттылығы жылына 48 тонна болатын ет (шұжық) цехы, тәулігіне 500-2000 литр болатын сүтті қайта өңдеу, сүт өнімдерінің 5 түрін шығару жоспарлануда (құйылмалы сүт, кілегей, қаймақ, май, ірімшік). Жылыжай кешені бойынша 100*120 өлшемдегі 6 жылыжай, алдағы уақытта тағы да 4 жылыжай орналастыру жоспарлануда. 18 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Жүзеге асыру мерзімі – 2016-2017 жж.

«Аскерова» ЖК – Саумалкөл ауылында құны 35 млн. теңге және ауданы 370 шаршы метр болатын сауда үйі және жаңа 8 жұмыс орны жоспарлануда. Қазіргі

уақытта ғимараттың құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

«Сорокина» ЖК – сауда-ойын-сауық орталығының құрылысы. Жалпы құны 35 млн.теңге болса, оның 20 млн.теңгесі несиесі арқылы. Жүзеге асыру мерзімі – 2016-2017 жж. 3 жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда.

«Северный строитель» ЖШС – жалпы құны 12,8 млрд.теңге болатын майлы дақылдарды сақтау мен қайта өңдеу кешенінің, құрама жем цехының құрылысы және жаңа 120 жұмыс орнының ашылуы.

«Белая дорога» ЖШС – сыйымдылығы 18 мың тонна болатын шағын элеватор құрылысы, жобаның жалпы құны 500 млн.теңге, 20 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

«Машкин» ЖК – Саумалкөл ауылында жалпы құны 26 млн.теңге болатын мейрамхана құрылысы. Оның 9 млн. теңгесі 2015 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы алынған. 6 жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда.

«Райгаз» ЖШС – Саумалкөл ауылында автокөліктерге газ құрылғысын орнату үшін газ учаскесі мен бокс құрылысы. Жоба құны – 18 млн.теңге, жаңа жұмыс орны – 10.

Туризм саласында ағымдағы жылдың аяғында 7 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

«Махметов» ЖК – коттедж-қонақ үй кешенінің, жаздық үйшіктердің құрылысы. Жоба құны 6 млн.теңге. Шалқар өзенінде қазіргі уақытта 6 жаздық үйшіктер салынып, күркелер орналастырылып, жарықтандыру жүргізілген.

«Севостьянов» ЖК – Арықбалық ауылдық округі Имантау өзенінің бойында құны 9 млн.теңге болатын 4 орынды жазғы блюз құрылысы. «Бизнесің жол картасы-2020» бойынша ұзындығы 600 метр болатын ЛЭП құрылысына 9,9 млн.теңге бөлінген.

«Омар Б.М.» ЖК – Имантау көлінде 20 орынды жатын кешенінің құрылысы.

«ARDI» ЖШС – Имантау ауылдық округінде туризмді дамыту доспарлануда.

Бижов А.Н. – Имантау ауылында құны 5 млн.теңге болатын 2 қонақ үй құрылысы.

«Казенов» ЖК – сыйымдылығы 100 адамға арналған демалыс аймағының құрылысы үшін 4,9 га жер уческесі бөлінген және қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары жүргізілуде. 30 жаздық үйшік орналастыру жоспарлануда.

«Суюн» ЖК – 140 адамға арналған «Суюн», «Дөстүр» демалыс аймақтары, жер учаскесінің ауданы 4,14 га. Жаздық үйшіктер құрылысының жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жаздың аяғына дейін 15 жаздық үй тұрғызу жоспарлануда.

«Солнечный ВИП» ЖШС – пантоемдеудің 2 қабатты ғимаратын ашу.

Әлеуметтік салада «Кузахметов» жеке кәсіпкерлігі мен мемлекеттік-жеке серіктестік аясында 2016-2017 жылдары Имантау ауылында 60 орынды балабақша құрылысы жоспарлануда.

Саумалкөл ауылында жалпы құны 308 млн.теңге болатын азотбасыларға арналған жатақхана мен 357 млн.теңге болатын 80 пәтерлі тұрғын үйді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Тағы бір жатақхананың жобалық-сметалық құжаты әзірленуде.

Арықбалық дәрігерлік амбулаториясының қасбетіне күрделі жөндеу жұмыстары, Карловка ауылында демалыс орталығын ашу жоспарлануда.

4 орта мектепке (Сырымбет ОМ, Лобаново ОМ, Саумалкөл қазақ ОМ, Бірлестік ОМ) күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттар әзірленуі үшін және мемлекеттік сараптаманы ұзарту үшін (Константиновка ОМ) 8,4 млн.теңге бөлінді. Шаруашылық әрекетпен жылыту қазандықтарын шығару ауданның 13 мектебінде жүзеге асса, бұны орындау үшін аудан бюджетінен 7,4 млн.теңге бөлінді.

Саумалкөл ауылында көпқызметті жаттығу кешенін ашу жоспарлануда, хауыздың жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

Аудан бюджетінен саумалкөл ауылының Бәйтерек шағын ауданында құны 3 млн.теңге болатын 500 орынға шақталған стадион құрылысын ашу жоспарланып, оның жобалық-сметалық құжаты әзірленуде.

Экономика және басқа да салаларда өздерінің табанды еңбектерімен туған өлкенің гүлденуіне өз үлестерін қосып жүрген баршаңызға басымды иемін. Біз, мемлекеттік органдар, депутаттар, бизнес басшылары, кәсіпкерлер, барлық айыртаулықтар аталған салалардың барлығында көлемді ұлғайтып, экономикамыз бен әлеуметтік саланы қарқынды дамыту үшін аянбай еңбек етіп, бар күш-жігерімізді саламыз. Жылдық есепте, 2016 жылдың соңында біз Тәуелсіздік мерейтойына лайықты әлеуметтік-экономикалық көрсеткішпен жететінімізге сенімдімін.

Жемқорлық орға жығар

Жемқорлықтың кешенді түрде алдын алу

Ағымдағы жылғы 13 шілдеде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің және ҰҚК Шекара қызметінің ведомствоаралық өзара әрекеттесу жоспары аясында облыс әскерилерінің қатысуымен семинар ұйымдастырылды.

Кездесуде Департаменттің Сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының басшысы Н.С.Жахин шекарашыларды мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама өзгерістерімен таныстырды.

Нұрлан Серікұлы семинарға қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекстің жаңашылдықтары жайында баяндап берді. Әсіресе, жемқорлық құқық

бұзушылықтар, мемлекеттік органдар қызметіндегі жемқорлық тәуекелдерін талдау және анықтау мәселесіне ерекше назар аударылды.

Баяндама барысында алдын алу шарасы ретінде әкімшілік жемқорлық заң бұзушылықтар статистикасы келтірілді. Мәселен, СҚО-да 2015 жылы айыппұлдың жалпы сомасы 6,9 млн теңгені құрайтын 10 факті тіркелген. Үстіміздегі жылдың өткен мерзімінде сомасы 1,4 млн теңгені құрайтын 7 заң бұзушылық орын алған.

Отырысқа қатысқан облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының инспекторы С.Н.Зайцева, күш құрылымдарындағы жемқорлықты болдырмау шаралары және жемқорлық қылмыстары үшін шекара қызметінің әскерилеріне тағылатын жазалар түрлері туралы баяндамасын оқыды. Светлана Николаевна қабылданатын жатқан шаралар барынша жүйелі және кешенді болған

жағдайда ғана жемқорлық індетінен толықтай арылуға болатындығын айтты.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне енген талаптар да кеңінен талқыға салынып, тиісті түсіндірмелер берілді.

Семинар соңында жемқорлық әрекеттері үшін жауапқа тартылған мемлекеттік қызметшілер жайында көрсетілген бейне роликтер қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Әскери қызметкерлер қатарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі бірлескен жоспар аясындағы жұмыстар өзге де әскери бөлімшелерде жалғасын табатын болады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің баспасөз қызметі.

Тағзым

АЗАМАТ БОЛУ ПАРЫЗЫҢ!

Сұм соғыс басталғанда ол небәрі 15 жаста еді. Ауылдағы ағайын суық хабарды орталықта ілініп тұрған радиодан естіді. Неміс басқыншылары Совет Одағының шекарасынан өткендігін естігенде ел болып шуылдасып қалды. Елдегі ерлер соғысқа аттанып жатты. Отан үшін отқа түсер бозбалалар алды –артына қарамай кетіп жатты.



Мен бала кезімде Тереңкөлге жиі баратынымын. Сондағы Сәпкі атамның орден, медаль толы көстемін көріп таң қалатынымын. Ол кездегі бала не түсінеді дерсің?! Атаңның аузынан соғыс туралы сөз шықпайтын. Майданда өткен күндерін де әңгімелемейтін. Онсыз да мәңгілікке есте қалған сұм соғыстың суреттерін қайта-қайта еске түсіре бергісі келмейтіндігіңде болған шығар.

Сәпкі Әлкенов соғысқа 18 жасында қатардағы жауынгер болып аттанды. Ол Кеңес Одағының маршалы Жуков басқарған 1-ші Белорусс майданында соғысқан. Ал ағасы соғыстан қайтпады. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң елге оралған атамыз ағасының жатқан жерін іздеді. Таба алмады. Күнделікті күйбең тіршілікпен жылдар өте келе ұмытылып кетті.

Ол елге келген соң абыройлы қызмет етті. Үйлі-баранды болды. Елдің өркендеуі мен дамуына өз үлесін қосты. Әкемнің үлкен апасы Қымбаттың үйіне жазғы демалыста жиі баратын едім. Атаңның түрі сұсты, қызыл, ақшақал болатын. Бес уақыт намазын қаза қылмайтын. Әділдік пен адалдықты жаны сүйетін. Тереңкөл ауылынан ел жапа тармағай Көкшетауға көшіп жатқанда атаның отбасы да Көкшетауға көшіп келді. Еңбегі мен абыройын ескерген әкімшілік үш бөлмелі пәтер берді. Жиын тойлардан қалмады. Жастармен кездесу кездерінде ақыл-кеңесін аямайтын еді. Бала-шағасын еңбекке баулыды. «Адамды тәрбиелейтін еңбек. Азамат болу парызың», - дейтін үнемі бізге. Батаны қалай айтатын еді?! Ел естімеген әдемі, шешен сөздер атаның аузынан шыққан бата сөздерінде болатын. Соларды неге қағазға түсіріп, жазып алмадым екен деп өкінемін қазір. Қария деген қазына ғой. Ол Тәуелсіз Қазақстанды көрді. Жеңістің 70 жылдығын тойлады. Еліміздің жетістігі мен биік беделіне куә болды. Немере –шөбере сүйді. «Ендігі арманым- елімнің тыныштығы мен бала-шағамның амандығы», - деп отыратын.

Бүгін атамның соңғы сапарға шығарып салдық. 90 жастан асқан шағында дүниеден озды. Өзі туып өскен Тереңкөл ауылындағы зиратқа, ағайын жұртының жанына жерленді, мәңгілік қайтпас мекенге аттанды. Атамызға жатқан жерің жарық, иманың жолдас болсын демекпіз. Әумин!

Динара ЖӘМШИТОВА,
журналист.

Оқушы жетістігі

Бала Динаның бийігі

Облыстық Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрының 2010 жылы негізі қаланған «Алуа» би ансамблі 30 маусымда Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өткен Халықаралық «Салют Талантов» би фестивалінен жүлдемен оралды.



Биылғы жылы құрылғанына 5 жыл толып отырған жеңімпаз ұжымның түрлі Халықаралық би фестивалдерінде лауреат деген атағы да бар. Бұған дейін Астана, Алматы, Сочи, Мәскеу қалаларында жеңіс туғырынан көрініп, ел мерейін асқақтатып оралғанды.

Ал аталған би фестиваліне 2 құрамда өнер көрсететін жастары 9-18 жас аралығындағы 18 адам қатысып келген.

Елімізден бөлек, Ресей, Татарстан, Өзбекстан сынды елдің бишілерімен Ленинградтық жастар сарайы сахнасында сынға түскен жерлестеріміз жүлделі 2 орынды қанжығаларына байлап оралды. Сайыс шарттарына орай, 1 орынға лайықты ұжым анықталмағандықтан біздің бишілердің 2 орыны ең жоғарғы марапат болып отыр.

Аталмыш ұжымның тарихы мен жетістігін қысқаша баяндай келе, біздің басты айтамыз – айыртаулық жас биші, №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының 5 сынып оқушысы Дина Әубәкір де осы «Алуа» халық би ансамблінің құрамындағы талантты бишілердің бірі. Ол ансамбль құрылғаннан бастап, осы ұжымда би билейді. Небәрі 5 жасында би сабағының өліппесін қолына алған балауса қыз бүгінде тәжірибелі жас бишілердің қатарын толықтыруда.

Кішкентай Динаның биге деген махаббаты бала жастан оянуының себебі де жоқ емес. Оның анасы Ботагөз Сергеевна қызы Дина дүниеге келгенше Солтүстік Қазақстан облысы филармониясының «Әдемі-ау» халықтық ансамблінің бишісі болған, қазіргі таңда үй шаруасында. Ал әкесі әскери қызметте болуына байланысты Петропавл қаласынан Айыртау ауданына қоныс аударған биші Дина Петропавл қаласына өз ұжымымен дайындық жұмыстарын жасауға тек сабақ уақытынан тыс, демалыс уақытында барады екен.

«Кейбір сәттерде мектептегі сабағына кедергісі болуы мүмкін болса да, сынып жетекшісі Жазира Әлібекованың кең жүректігі мен түсіністік танытуының, Динаның талантына құрметпен қарауы және бағалауының арқасында сабақ уақытында да суранып, дайындықтар мен сайыстарға қатысып келеміз», – дейді Динаның анасы Ботагөз Әубәкірова.

Біз де жас болса да, бас болуға талпынып, адам бойындағы бір пайыз таланттың ұштануы оның тоқсан тоғыз пайыз талмай еңбек етуінің нәтижесі екенін бала жастан бала жүректен түсініп, мектептегі сабағы мен облыс орталығының белді бір мекемесіндегі «қызметі» қатар алып жүрген дарынды Динаға қанатың талмасың, өнер атты өрелі әлемнің қалықтаған аяулы қарлығашы бол демекпіз.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Жалғасы. Басы 3-бетте.

Мекеме атауы	Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, мектепке дейінгі мекемелердің жаңа шаққандағы айына қаржыландыру өлшемі				
	Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық емес күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық емес күнді шағын орталық
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балдырған» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	64076				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Колосок» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	24133				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Родничок» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	20203				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Қарлығаш» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	2919				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Айыртау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			6758		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Әлжан орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			11417		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Аксеновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			7575		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Ақан Борлық орталау мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			11625		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Береславка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			8744		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Гусаковка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			8758		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Дауқара орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			6311		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Елецкий орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			7706		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Карасевка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			10894		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Қызыл-Өскер орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			8870		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Казанка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			9016		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Мәдениет орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			9525		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Кутузовка орталау мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			5375		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Мөдениет орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			15033		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Новосветловка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі		17123			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Сырымбет орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			7533		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Целинный орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			9933		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Шалқар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			10100		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Шүкірлік негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі			10381		

Қызмет алушылардың назарына ақпарат

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментімен Петропавл қаласында орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының операциялық залдарында Департаменттің телефон нөмірлері көрсетілген қызмет алушылардың шағымдары мен пікірлері үшін жәшіктер орнатылған. Сонымен қатар, жәшіктер облыстық және қалалық әкімдік, ішкі істер, мемлекеттік кірістер департаменттері, Петропавл қаласының ІІД және Аграрлық үй ғимараттарында орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында және мемлекеттік қызметшілермен қызмет әдебин сақтау мәселесі бойынша азаматтар **8 (7152) 50-24-19, 46-74-46** телефондарға хабарласа алады.

Саламатты Қазақстан



ЕКПЕ ДЕРТТЕН САҚТАЙДЫ

Соңғы жылдары елімізде екпеден бас тартатын ата-аналар саны еселеп арта түскен. Мамандар мұны тұрғындардың діни көзқарасымен байланыстырады. Мәселен соңғы деректерге сүйенсек, Ақтөбе облысында 2132 баланың ата-анасы екпеден бас тартқан. Бұл туралы облыстың денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиев мәлімдеп отыр. Оның айтуынша, бас тартқандардың басым бөлігі Ақтөбе қаласында, 1171 адамды құраған. Сонымен қатар, Темір ауданында 287 және Мұғалжар ауданында 258 бала тіркелген. Ата-аналары екпеден бас тартқан 1247 балаға туылғалы бірде-бір екпе салынбаған.

Өткен 2014-2015 оқу жылында Ақтөбенің Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласында оқушылар туберкулезбен жаппай ауырған болатын. Сол кезде дәрігерлер қауіпті дерттің дендеуінің себебін алдын-ала екпе алмаған балалардың көптігімен байланыстыраған еді. Қазірдің өзінде бұл аудан екпеден бас тарту бойынша алдыңғы қатарда екен. Екпеден қашып, ауруын барынша жасырған ата-аналар балаларының басын өлімге тігіп отырғаны өкінішті.

Мамандардың айтуынша, Ақтөбе қаласында діни ұстанымына қарай екпеден бас тартушылар саны айтарлықтай артып, жыл сайын жүз сәбімен толығып отырады екен. Дәрігерлер бүгіннің өзінде дүние есігін ашқаннан бері түрлі жұқпалы аурудан екпе алмаған мыңнан астам сәби тіркелгенін айтып дабыл қағуда. Түрлі себептермен екпе алмайтын балалар «ертеңгі күні бір сырқаттың жаппай тарауына себеп болуы мүмкін» дейді мамандар. Өйткені, жаңа туылған сәби бір жасқа толғанша түрлі вирустық жұқпалы аурудан қорғайтын он екі екпе алуы тиіс екен. Бірақ, бұдан түбегейлі бас тартқан ата-аналар өте көп.

Екпе жасау қаншалықты пайдалы деген сұрақ қазіргі таңда ең көп талқыланып жатқан мәселе десек те болады. Екпе жасау дұрыс емес дейтіндер өз қарсылықтарын шариаатпен байланыстырады. Олар: «Ислам екпе жасауға тыйым салады», «Екпе жасату – тағдырға қарсы шығу», «Вакцинация – шайтанның зәрі» деп біледі. Ал, медицина саласының мамандары ғылыми тәжірибелерге сүйеніп, екпе жасату дұрыс әрі қажет дейді.

Деректерге сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын 4 миллионға жуық адам 21 түрлі инфекциялық ауруға қарсы егіледі екен. Ал иммундау шараларына бөлінетін қаржы соңғы 7 жылда 12 есеге артып, 15 миллиард теңгеге жеткен. Екпе ектірудің оң нәтижесін де көріп отырмыз. Мәселен, соңғы жылдары оба, күйдіргі, тырысқақ, конго-қырым қанды безгегі, полиомиелит сынды аса қауіпті жұқпалы дерттер елімізде тіркелмеген.

Дегенмен, осы екпе төңірегінде даулы мәселелер көп. Өткен жылы 1 қазаннан бастап елімізде арнайы мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жатыр мойыны қатерлі ісігінің алдын алу үшін адам папилломасы вирусына қарсы вакцина салынып, артынша Павлодар облысы Баянауыл ауданында осы ауруға қарсы егілген екі оқушы қыз аурухананың жансақтау бөлімінен бір-ақ шыққан еді. Бұдан соң халықтың екпеге қарсылығы, тіпті, үдей түсті. Ал, мамандар «Кез келген вакцинациядан кейін баланың ағзасы оған өтпелі реакциямен жауап қайтарады. Себебі, бұл мерзім ішінде ағзаны инфекциядан қорғайтын күш жинақталуы керек. Бөгде зат енген денеді міндетті түрде әртүрлі реакциялар орын алатыны анық. Алайда, мұндай реакциялардың зардаптары инфекциялардың зиянын салыстырғанда түк емес» дейді. Соңғы жылдары елімізде жатыр мойны ісігіне шалдығатын нәзік жандылардың қатарының артқанын ескерсек, препаратты қабылдаған кездегі өтпелі реакцияға бола егуден бас тарту болашақта үлкен ауруға әкеліп соғатындығын да ұмытпау керек секілді. Осы орайда екпені ектіру ем бе, әлде дерт пе деген оймен медицина және дін мамандарының пікіріне жүгінгенді жөн санадық.

Мария ОМАРОВА, Х.Жұматов атындағы Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығының директоры, медицина ғылымының докторы, профессор:

– Менің ойымша, әлі де болса екпеге қатысты анық ақпараттар халыққа жеткіліксіз. Содан кейін халық қарақшылық жолмен шекара асып келген түрлі дискілерді көріп, екпе жөнінде теріс ақпараттың жетегіне еріп жүр. Елімізде инфекциялық ауруларға қарсы алаашқы вакцинация бала дүниеге келген соң төрт күн ішінде салынады. Бұл туберкулез бен «В» вирусты гепатитіне қарсы егіледі. Ал, бала екі, үш, төрт айға толағанда «В» вирусты гепатитіне, полиомиелит, көкжөтел, дифтерия, сіреспе, гемофильді инфекцияға қарсы салынады. Халық арасында екпенің тиімділігін кеңінен насихаттай түсу керек. Мәселен, соңғы 20 жыл ішінде қызамықпен ауыру 291 есеге, көкжөтел – 21 есеге, дифтерия – 96 есеге, эпидемиялық паротит – 122 есеге төмендеген. Сондай-ақ, екпе

